

**Астана қаласы мәслихатының 2009 жылғы 26 тамыздағы № 243/37-IV "Астана қаласы мәслихатының кейбір шешімдеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" шешіміне өзгерістер енгізу туралы**

*Күшін жойған*

Астана қаласы мәслихатының 2012 жылғы 25 қыркүйектегі № 72/9-V шешімі. Астана қаласының Әділет департаментінде 2012 жылғы 11 қазанда нормативтік құқықтық кесімдерді Мемлекеттік тіркеудің тізіліміне № 748 болып енгізілді. Күші жойылды - Астана қаласы мәслихатының 2017 жылғы 20 шілдедегі № 166/21-VI шешімімен

**Ескерту. Күші жойылды - Астана қаласы мәслихатының 20.07.2017 № 166/21-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.**

"Нормативтік құқықтық актілер туралы" Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 24 наурыздағы Заңының 43-1-бабына сәйкес, Астана қаласының мәслихаты **ШЕШТІ:**

1. Астана қаласы мәслихатының 2009 жылғы 26 тамыздағы № 243/37-IV "Астана қаласы мәслихатының кейбір шешімдеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" шешіміне (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде 2009 жылғы 1 қазанда № 590 болып тіркелген, 2009 жылғы 6 қазандағы № 119 "Вечерняя Астана", 2009 жылғы 6 қазандағы № 111 "Астана ақшамы" газеттерінде жарияланған) келесі өзгерістер енгізілсін:

аталған шешіммен бекітілген Астана қаласы мәслихатының кейбір шешімдеріне енгізілетін өзгерістер мен толықтыруларда:

2-тармақ алынып тасталсын.

2. Осы шешім оны алғашқы ресми жариялаған күннен бастап он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Астана қаласы мәслихаты  
сессиясының төрағасы  
Астана қаласы  
мәслихатының хатшысы

Б. Исабаев

С. Есілов